

**«Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-
ландшафттық музей-қорығы» КМҚК қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша
ТАЛДАМАЛЫ АНЫҚТАМА**

Өскемен қаласы

2025 жылғы «29» сәуір

«Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығы» КМҚК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына», ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

«Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығы» КМҚК (бұдан әрі – ШҚО музей-қорығы) келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

- 1) нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау,
- 2) ШҚО музей-қорығының ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ШҚО музей-қорығы директорының міндетін атқарушының 2025 жылғы 04 наурыздағы № 34-ӨС сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы бұйрығы негіз болды. ШҚО музей-қорығының қызметін реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілер: «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Бюджет кодексі және музей жұмысы, бухгалтерлік есеп, шаруашылық-қаржылық қызмет пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша өзге де НҚА болып табылады.

ШҚО музей-қорығы қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру; мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын танымал етуді қамтамасыз етуге арналған музей заттары мен музей топтамаларын сақтау, зерделеу және көпшілік алдында ұсыну; жануарлар дүниесі мен тірі өсімдіктердің алуан түрлілігін көрсету болып табылады.

Қызметтің мақсаты – халыққа рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру.

ШҚО музей-қорығы алға қойған мақсатқа жету үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын танымал етуді қоса алғанда, музейлердің қызметін жүзеге асыру;
- 2) ботаникалық бақтар мен зообақ қызметін жүзеге асыру,
- 3) тақырыптық саябақтар мен тақырыптық көрмелердің қызметі,
- 4) ойын-сауық сипатындағы, оның ішінде ұлттық стильдегі жәрмеңкелер мен қойылымдарды ұйымдастыру.

ШҚО музей-қорығының қызметі «Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» ММ басшысы бекітетін жылдық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Жұмыс тобының төрағасы:

Директордың техникалық және шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері:

директордың көрме-экспозициялық және ағарту жұмысы жөніндегі орынбасары,

директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары,

бас бухгалтер,

ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі,

мемлекеттік сатып алу бөлімінің меңгерушісі,

бас қор сақтаушы,

ұйымдастыру жұмысы бөлімінің заңгері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылдың 14 наурызында басталып, 2025 жылдың 29 сәуірінде аяқталды.

Ішкі талдау ШҚО музей-қорығының 2024 жылдың сәуір-желтоқсан және 2025 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы жұмыс кезеңін қамтыды.

ШҚО музей-қорығында СЖТІТ өткізу барысында 4 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.

I. 1. Қорды есепке алу және сақтау бөлімі-1 тәуекел

Бағыт бойынша: ережелер мен құқықтық актілер және ішкі құжаттардың қайшылықтары, индикатор бойынша:

- «құқық қолдану қызметі процесінде және лауазымды адамдардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруы кезінде туындайтын бірдей не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін әртүрлі құқықтық актілер, ішкі құжаттар арасындағы алшақтық немесе қайшылықтар».

НҚА-ға ішкі талдау жүргізу барысында бүгінгі күні музейлердің тұрғындардан жәдігерлерді (көне заттар, түрлі көркем құндылықтар) өтеулі сатып алуын құқықтық реттеудің жоқтығы анықталды. «Мемлекеттік сатып алу туралы»

ҚР Заңының талаптарына сәйкес жеке тұлғалардан музейден қор топтамаларын толықтыру үшін жәдігерлер сатып алу мүмкін емес. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабының 44-тармақшасына сәйкес мемлекеттік музей, кітапхана, архив қорларын, кино-, фотокорын және өзге де осыған ұқсас қорларды толықтыруға арналған тарихи, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы бар мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды, оның ішінде музей заттары мен музей коллекцияларын, сондай-ақ көшірмелерін қоса алғанда, сирек кездесетін және құнды басылымдарды, қолжазбаларды, архив құжаттарын сатып алу бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздерінің бірі болып табылады және мемлекеттік сатып алу веб-порталында тіркелген заңды тұлғалармен, жеке кәсіпкерлермен қатынастарды реттейді.

Кез келген басқа нормативтік құжаттарда кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан көне заттарды өтеулі сатып алу тәртібі көрсетілмеген. Осылайша, бұл жағдайда «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңында мәдени құндылықтар болып табылатын тауарларды, оның ішінде жеке тұлғалардан музей заттарын сатып алуды құқықтық реттеу жоқ, бұл осы заңнамалық актіде олқылықтың бар екендігін көрсетеді.

Ішкі құжаттарды талдау нәтижелері бойынша (музей-қорықтың жарғысы, жұмыс жоспарлары, бұйрықтар және басқалар) сыбайлас жемқорлық жағдайлары анықталған жоқ, бірақ тәуекелдер бар.

Ұсыныстар:

1. Нормативтік актілерде түсіндіру кезінде теріс пайдалануға жол беретін екі жақты тұжырымдар, басқа нормативтік актілерге қате сілтемелер, нормалар қақтығыстары мен құқықтық олқылықтар анықталған жағдайда өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы нақтылау мақсатында уәкілетті органға ұсыныстар енгізуді жалғастыру.

2. Шаруашылық бөлім – 1 тәуекел

Бағыт бойынша: функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамау, индикатор бойынша:

- «*лауазымды тұлғалардың міндеттері мен өкілеттіктерін орындамауын бақылау рәсімі анықталмаған*»

Қоймашының (материалдық жауапты тұлғаның) қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуына ішкі талдау жүргізу барысында мыналар анықталды:

Қазіргі уақытта мекеменің қолданыстағы ішкі регламенттерінде (лауазымдық нұсқаулықтар, қойма есебі туралы ережелер, ТМҚ есептен шығару жөніндегі нұсқаулықтар) артық немесе жетіспеушілік анықталған жағдайда іс-қимылдың нақтыланған тәртібі, сондай-ақ, қоймашы мен мүлік алушылар (ішкі бөлімшелер, мердігерлер және т.б.) арасындағы бейресми өзара іс-қимыл фактілерін белгілеу тетігі жоқ. Бұл мүлікті бейресми беру, есепке алу деректерін бұрмалау және кіріс-шығыс құжаттамасындағы ақпараттың бұрмалануымен байланысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал тәуекелдерді тудырады. Тексеру барысында заңнаманы бұзудың немесе өкілеттіктерді теріс пайдаланудың нақты фактілері анықталған жоқ. Алайда, регламенттелген құжаттар мен

тәжірибедегі анықталған кемшіліктер алдағы уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жағдай жасауға ықпал етуі мүмкін.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық жағдайлары анықталған жоқ, алайда жергілікті нормативтік актілердегі олқылықтарға және бірқатар рәсімдерді рәсімдеудің жеткіліксіздігіне байланысты ықтимал тәуекелдер бар.

Ұсыныстар:

1. ШҚО музей-қорығының басшылығы заң бөлімімен бірге, қоймашының лауазымдық нұсқаулықтарын және материалдық құндылықтарды беру, қайтару, сақтау және есептен шығару рәсімдерін рәсімдейтін және екіұшты түсіндіруді болдырмайтын нормаларды қоса отырып, ТМҚ есепке алу жөніндегі ережелерді пысықтау.

2. Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету үшін ТМҚ қозғалысына байланысты, оның ішінде цифрлық түрдегі есепке алу құжаттамасының қатаң сақтау мерзімдері мен нысандарын белгілеу.

3. Қажет болған жағдайда шаруашылық қамтамасыз ету саласындағы құқықтық олқылықтарды жою және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылықты арттыру мақсатында КМҚК деңгейінде қолданыстағы нормативтік құжаттарды өзгерту немесе толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

3. Өлке фаунасы бөлімі – 1 тәуекел

Бағыт бойынша: артық әкімшілік кедергілердің болуы индикатор бойынша:

- «*мемлекеттік қызмет көрсетудің ұзақ мерзімдері*».

Музей-қорық құрылымында хайуанаттар бағының функциясы бар өлке фаунасы бөлімінің қызметі көзделгеніне байланысты, ал хайуанаттар бағының жарғысында хайуанаттар бағының қызметі (ЭҚЖЖ 91041) бекітілгеніне байланысты музей-қорықтың теңгерімінде жануарлар, оның ішінде мемлекеттің қорғауындағы жануарлар бар. ҚР Премьер-Министрі орынбасарының – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 3354 бұйрығымен бекітілген «Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру қағидаларына» сәйкес жануарларды сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттар болған кезде жануарларды ұстауға рұқсат етіледі. Жануарды елден әкеткен немесе айырбастаған жағдайда ҚР Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының «Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылған жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы бұйрығына сәйкес әкімшілік органның рұқсаты қажет. Тиісті рұқсаттардың болмауы, сатып алу немесе әкету (айырбастау) заңдылығын растайтын нормативтік-құқықтық актілерді рәсімдеу ұзақтығы жануарларды бөлу мәселесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғады.

Ұсыныстар:

1. Жағдай туындаған кезде ШҚО музей-қорық басшылығы өтінішті қарау мерзімін жеделдетуді сұрап, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жолдауға бастамашылық ету.

4. мемлекеттік сатып алу бөлімі – 1 сыбайлас жемқорлық тәуекелі

Бағыт бойынша: ережелер мен құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың қайшылықтары, индикатор бойынша:

- «азаматтың немесе ұйымның әкімшілік рәсімді жүргізу барысына әсерін қамтамасыз ететін іс жүргізу тәртібі жоқ». Мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы функционалдың кемшілігі:

Мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерге қосымша талаптар белгіленуі мүмкін жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі - көрсетілген қызметтерді сатып алу жоспарланатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумағында болу бөлігінде. Алайда, мемлекеттік сатып алу веб-порталындағы функционал іске асырылған жоқ. Бұл қосымша талап олар тартатын еңбек ресурстарына емес, әлеуетті жеткізушілер мен жеткізушілерге қатысты. «Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары» қосымшасында өнім беруші бойынша қосымша бет жоқ, тек материалдық және еңбек ресурстары бойынша ғана. Әлеуетті өнім берушілерге өзге құжаттарда (техникалық ерекшелікте және басқаларында) қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу порталында бұл функционалдың болмауы еңбек ресурстарына қойылатын біліктілік талаптарында немесе техникалық ерекшелікте осы талапты көрсету бөлігінде бұзушылыққа әкелуі мүмкін.

Ұсыныстар: Уәкілетті органға мемлекеттік сатып алу порталындағы функционалды пысықтау туралы хатқа бастама жасау.

II. ШҚО музей-қорығының ұйымдастырушылық-басқару қызметі мынадай бағыттарды қамтиды:

Бағыт бойынша – ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Музей-қорықтың штат саны 650,5 бірлікті құрайды, 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша нақты саны 425 бірлікті құрады, оның ішінде 6 қызметкер баласы үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша демалыста.

2024 жылғы 01 қаңтар мен 2024 жылғы 31 желтоқсан аралығында тексерілетін кезеңде кадрлардың ауысуы: 150 қызметкер қабылданды, 182 адам жұмыстан шығарылды (теріс себептер бойынша - 0 адам). 2025 жылғы 01 қаңтар мен 31 наурыз аралығында 15 қызметкер қабылданып, 21 адам жұмыстан шығарылды. Қызметкерлердің жұмыстан шығуының негізгі себебі-жалақының төмендігі.

Талданатын кезеңде бос лауазымдарға орналасуға конкурстық рәсімдер өткізілген жоқ.

Бос жұмыс орындары туралы ақпарат «HR Енбек» еңбек ресурстары порталы арқылы жүзеге асырылады.

Тексерілетін кезеңде бір жұмысшы - Д.Т. Бапинов ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды және бір қызметкер (А.В. Тен) сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Тәртіптік жазалары алынбаған қызметкерлерге сыйлықақы берілген жоқ.

Музей-қорық қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ.

Тексерілетін кезеңде 2024 жылғы 01 сәуірден 2025 жылғы 31 наурызға дейін музей-қорық қызметкерлері аттестаттаудан өткен жоқ.

Тексерілетін кезеңде біліктілікті арттырудан 3 қызметкер өтті (Д.Э. Оразғалиева, А.Ж. Балтыбаева, Е.А. Проскурякова).

Музей-қорықтың барлық қызметкерлері (әкімшілік-басқару және ғылыми құрам) біліктілік талаптарына сәйкес келеді, тиісті білімдері бар.

Қызметкерлерді төменгі лауазымға ауыстыру жүргізілген жоқ.

Музей-қорықта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және коммерциялық пара беру жөніндегі Нұсқаулық, сондай-ақ, мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ереже әзірленіп, жұмыс істейді.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Талдау барысында анықталған жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметінің (жұмысының) фактілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды.

Жақын туыстары бірлесіп жұмыс істеген жағдайда мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін, бұл өз кезегінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылыққа әкеп соғуы мүмкін, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық

өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай жағдай сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудырады.

Музей-қорық директорының 2023 жылғы 04 мамырдағы №46-1-ӨС бұйрығымен мүдделер қақтығысын мониторингілеу және анықтау жөніндегі функциялар ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісіне жүктелді, мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі функциялар директордың техникалық және шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары – компаенс офицері О.Н. Рояновқа жүктелді.

Сонымен қатар, музей-қорықта мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже әзірленді және жұмыс істейді.

Ұжымдағы қызметкерлер арасындағы туыстық байланыс фактілері анықталды, бірақ мүдделер қақтығысы жоқ.

Ұсыныстар:

1) Директордың техникалық және шаруашылық мәселелер жөніндегі орынбасары - компаенс офицері О.Н. Рояновқа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 15-бабы 3.1, 3.2-тармақтарына сәйкес мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдасын.

2) Ұйымдастыру жұмысы бөлімінің меңгерушісі мүдделер қақтығысы фактілерінің туындауын болдырмау үшін жақын туыстарының бірлескен жұмысына тұрақты негізде мониторинг жүргізсін.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету

ШҚО музей-қорығы мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Қолданыстағы Жарғыға сәйкес ШҚО музей-қорығының құзыретіне рұқсат беру функцияларын іске асыру кірмейді.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Қолданыстағы Жарғыға сәйкес ШҚО музей-қорыққа бақылау-рұқсат беру функцияларын іске асыру берілмеген.

6. Бюджет және ақша қаражатын игеру және бөлу-

сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Музей-қорық бюджетінің орындалуы міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бюджет қаражатын толық игеру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу уақтылы жүргізіледі, еңбекақы төлеу, жарналар мен салықтар бойынша ақшалай қаражатқа қажеттілік еңбекке жарамсыздық парағы және бос жұмыс орындарын ескере отырып есептеледі, қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізуге өтінімдер беріледі.

Қаржылық есептілік жасалады және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне (ШҚО мәдениет басқармасы) уақтылы ұсынылады.

Бюджетке төленетін барлық салықтар мен төлемдер ҚР Салық кодексіне сәйкес есептеледі. Салық және статистикалық есептер мерзімінде тапсырылады.

Қорытынды бөлім:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша «Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығы» КМҚК-ның жұмыс тобы 4 сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері музей-қорықтың ресми сайтында орналастырылсын.

Жұмыс тобы:

О.Н. Роянов _____

Е.Ю. Рахматулина _____

Г. Кашаку _____

Д.Э. Оразғалиева _____

М.Г. Рамазанова _____

Р.И. Бекбауова _____

К.М.Токумбаев _____

А.С. Антоненко _____

Таныстым:

Директор _____

Н. Ахметжанов